

ҚАЗІРГІ ГУМАНИЗМДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Еркін даму болмаса адам өмірінің дұрыс болмайтыны белгілі жайт. Еркіндік ең жоғарғы құндылықтар жүйесіне жатады. Еркіндікті талап ету гуманистік талап болып саналады. Адам құқықтары туралы идея – гуманистік дүниетанымның ажырамас бөлігі. Бұл өмірдің шындығынан туындаған нәрсе.

XX ғасыр Жер шарын мекендеген елдердің көпшілігі үшін өте ауыр болды. Бұл ғасырда қатігездік пен зорлық әлемді басып тұрды. Адамзат геноцидпен, тұрғындарды жаппай қырумен жолықты. Әлем асқан мейірімсіздік пен қатігездіктен шошынды. Адамзат бұрын-соңды естімеген зұлымдыққа куә болды: бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар, неміс концлагерьлері мен кеңестік ГУЛАГтар, Камбоджа, Вьетнам, Ауғаныстан, Ирак соғысы сияқты аймақтық соғыстар миллиондаған адамдардың күнәсіз жандарын қиды. Бүгінде терроризм үлкен қауіп төндіріп отыр, кей елде ол шағын жергілікті топтардан мемлекеттік деңгейге өсіп, халықаралық сипат иеленген.

Еуропа, Азия және Америка елдерінде өмір сүрген тоталитаризм адамды тілалғыш ойыншыққа айналдырды, олардың еркіндік дәрежесін жоққа шығарып, тұлға өмірін күнсіз етті. Зұлым күштердің антигумандық қысымы парасат пен игілік күштердің қарсылығын туғызбай қоймады. Әлем елдеріндегі зиятты орталарда антигуманизмге қарама-қарсы тұру қажеттілігі пайымдалды.

XX ғасырдың соңында бұл гуманизмнің ғажап сілкінісіне алып келіп, оның нәтижесінде Францияда 1989 ж. қаңтар айында 43 елдің (Германия, Италия, Испания, Чили, Аргентина және т.б.) гуманистік партияларының өкілдері құрған Гуманистік интернационал түрінде халықаралық гуманистік қозғалыс дүниеге келді. Гуманистік интернационалдың төрағасы болып Италияның Гуманистік партиясының бас хатшысы Альфонсо Арджиолас сайланды.

Мұның бәрінің қоршаған шындықты гуманистік тұрғыда қабылдап, оның әлеуметтік-философиялық ойда көрінуіне ықпалы болды. Гуманизм мәселесіне көңіл бөлу едәуір күшейді. Бұл саладағы зерттеулер негізінен екі өзара байланысты бағытта жүргізілді. Біріншіден, гуманизм ұғымы зерттеу пәніне айналып, оның әртүрлі қырлары нақтыланды және ол, әртүрлі анықталғандықтан, әртүрлі мағыналары пайда болды. Екіншіден, әлеуметтік қатынастар мен үдерістердің адамгершілік сипатына және гуманизмнің нақты өмірге сай келуіне назар аударылды. Мұнда авторлар теориялық тұрғыдағы бірқатар қайшылықтар мен гуманизмге деген сыни көзқарастарға жолығады. Гуманизм мәселесі төңірегіндегі пікірталаста гуманизм мінсіз емес, сондай-ақ, қазіргі әлемде еркіндік пен демократияға, технократиялық үрдістерге, компьютерленуге, ақпараттану мен кибернетикалануға байланысты көптеген мәселелерді гуманистік тұрғыда шешуге болмайды деген пікірлер айтыла бастады.

Әлем елдеріндегі көптеген ойшыл-гуманистер адамзатты болашақ қауіп-қатерлерден сақтандырып, дабыл қағуда, «американдық өмір сүру салты», «баршаға ортақ құт-береке», «тұтынушы қоғам» сияқты басымдылықтарды (приоритеттерді) қайта қарастыруға шақырады. Батыстық әлемнің мұндай құндылықтарын олар аяусыз мінеп, аталған құндылықтарға жетуді көздейтін техникалық өркениеттің дамуы адамдар қоғамын тұйыққа тірейтін жол екенін дәлелдейді, өйткені ол Жер ғаламшарының табиғи қорларын толықтай жойып жібереді.

Қазіргі батыстық қоғамға тән тұтыну молшылығын, ысырапшылдық пен даңғазастамшылықты гуманистер «оңбаған» деп атайды, өйткені соларға қол жеткізу үшін адамзаттың материалдық және зиятты әлеуеті ойсыз есерлікпен сарқылуда. Олардың айшықты сыни дарыны техногендік өркениеттің дамуындағы сыздап тұрған жараны ескерусіз қалдырмайды. Бұл мәселелерді көтеретін кітаптар кез келген адамды ойландырмай қоймайды. Қазіргі ойшылдар адамдардың экологиялық жауапсыздығына күйзеліп, адамзатқа да, жер бетіндегі барша тіршілікке төнген қауіпті терең сезінеді. Олардың ойынша, аман қалу үшін тек ақылға, «таза логосқа» ғана жүгіну жеткіліксіз, ол үшін адам бойындағы сезімді, адамгершіл-этикалық, эмоциялық бастауларды бала кезден тәрбиелеп, соларға арқа сүйеу қажет. К. Ясперстің айтуынша: «Дағдарыс жағдайы шектеулі болса да өзімізге бағынатын салада біз аз уақыт болса да әрекет етуге тырысатын, бізге аяураудың ауыртпалығын сездіретін және шегі жоқ еңсерулердің, табыстар мен шығындардың құйынына бізді тоғытатын «Меннің», түсінуші сананың өзгерісіне әкеліп соғады» [1, 118 б].

Өркениеттің дағдарысынан тұлғаның адамгершіл-этикалық дамуы, оның өзіндік санасының, рухани өресінің өсуі ғана шығады. Табиғаттың өлімінде адам бойындағы рухани бастаудың өлімі көрініс табады: «арсыз батыстық әлемде» адам мен табиғат монополиялардың қолындағы шикізат ретінде ғана қабылданады. Қоғам дамыған сайын тоталитаризмнің, зорлықтың езгісі ұлғая түсетін прогрестің мұндай жан түршігерлік парадоксының тамыры қайда жатыр? Өйткені, ғылыми-техникалық «прогрестің» барысында адам өзінің ішкі рухани әлеуетін, табиғатпен байланысын жоғалтқан, оның эмоциялары мен жан-сезімі «қатып» қалған. Адамның өзінің адами (рухани) нәрсесін жоғалтуын нағыз антропологиялық апат ретінде қарастыру қажет.

Бүгінгі адам – жаттанған, адасқан жаратылыс, ол өзіне жүктелген зор жауапкершілікті түсінуден қалған. Ол, Римдық клубтың негізін салушы А. Печчеи жазатындай, «Жер бетіндегі өмірді реттеуші міндетін» атқаруға қауқарсыз. Дегенмен де, адамның өзіндік санасы оянуы тиіс, ол түбінде өзінің ғарыштағы міндетін түсінуі керек, өйткені ол – мәнді іздейтін жаратылыс.

XXI ғасырда адамзат бұрын көрмеген жаһандық мәселелерге жолықты. Жаһандандудың арқасында миллиондаған адам кедейшіліктен арылса да, экономикалық, қаржылық, әлеуметтік, экологиялық, сондай-ақ, моральдық және этикалық жаһандық дағдарыс қазіргі жан-жақты дамудың ең маңызды деген мақсаттарына қол жеткізуді қиындатып отыр. Дағдарыс ең әлсіз елдерге, әсіресе, Африка елдері үшін ауыр соққы болып тигендіктен, дереу шараларды қолдану қажет. Оның үстіне түрлі-түсті революциялар көптеген елдердің құлдырап, ауыр халге ұшырауына мәжбүр етіп отыр. Бұл жерлерде әлемдік күштердің ықпал ету аумағын кеңейтіп, экономикалық

жағынан өзіне бағынышты ету факторы басым. Бұл күрделі мәселелер гуманизм тұрғысынан терең зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі гуманизмнің мәнін анықтау мақсатындағы алғашқы жүйелі талпынысты американдық философтар С. Хук пен К. Ламонт жасаған. Олардың еңбектері адам тұлғасын ең жоғары құндылық ретінде бағалау мен оны өздігінен жетілдіруге деген сенімді қолдаған. Олар супранатурализмді, әсіресе, теизмді жоққа шығарған. «Философия ретіндегі гуманизм» (1961) деп аталатын кітабында К. Ламонт өз ұстанымын былайша көрсетеді: «тылсым нәрселердің барлық түрлері аңыз болып табылады, ал санадан тыс өмір сүретін табиғат пен үнемі өзгерістегі материя мен қуат жүйесі болмысты құрайды; адам табиғи дамудың өнімі, оның санасы мидың қызметімен байланысты және өлімнен кейін қайта тірілмейді; адамдар өз мәселелерін ақылға жүгініп, ғылыми тәсілді қолданып шешу қабілетіне ие; өткенмен байланысын сақтаса да, адамдарда шығармашылық таңдау мен әрекет ету еркіндігі бар; этика өмірлік тәжірибе мен қарым-қатынас түрлерінде барша адами құндылықтардың негізінде жатыр; жеке тұлға өзінің жеке қалауы мен үнемі өзін-өзі дамыту қоғамның игілігіне үлес қосатын еңбекпен үйлесімді түрде сәйкестендіріп, ізгілікке қол жеткізеді; өнерді кеңінен дамыту қажет және эстетикалық тәжірибе адамдар өміріндегі негізгі шындыққа айналуы мүмкін; бүкіл әлемде демократияны, бейбітшілік пен өмір сүрудің биік деңгейін орнатуды көздейтін ұзақ мерзімді әлеуметтік бағдарлама қажет; экономикалық, саяси және мәдени өмірдің барлық салаларында зерде мен ғылыми тәсілді толық жүзеге асыру қажет; ғылыми тәсілге сай гуманизм өзінің негізгі болжамдары мен сенімдеріне қатысты шексіз күмәндануы тиіс. Гуманизм – жаңа догма емес, әрқашан эксперименттік тексеруге, жаңа деректер мен қатаң пайымдарға жол беретін даму үстіндегі философия» [2, 11-12 б.].

Таза алғанда үйреншікті жалпылығы мен бірмәнділігінің арқасында бұл ережелер дау туғызбайды. Жалпы табиғи-ғылыми тұрғыдан туындап, жаугершіл сипаты жоқ рационализм мен атеизм заман ахуалының көрсеткіштеріне жатады. Гуманизмді «ең аз пайымдау» (minimal statement) барысында көптеген пікірталастардан кейін туындаған анықтама мұның белгілі бір дамуы сияқты болады. Гуманизм – адамдардың өз өмірінің мәні мен салтын дербес анықтау құқығы мен борышын бекітетін демократиялық, атеистік емес және адамгершіл өмірлік ұстанымы. Нәтижесінде, бұл ұстаным қоршаған ортаға деген супранатуралистік көзқарастарды жоққа шығарады. Жалпы гуманизмнің қазіргі теоретиктерінің еңбектерінде дінді өзінің ең жақын бақталасы ретінде қарайтын ерекше көзқарасын атап өту қажет. Дұрыс ой мен рационалдылыққа негізделген қозғалыс, идеология ретіндегі гуманизмнің жағымды мазмұны міндетті түрде діннен іргесін аулақ салумен толығып отырады. Айталық, мысалы, П. Куртц гуманизм терминінің дескриптивті және прескриптивті қырларын қарастырғанда оның бес негізгі белгісін бөліп алады: гуманизм адам еркіндігі мен дербестігін мойындаудан туындайтын құндылықтар мен қасиеттерді талап етеді. Гуманизмнің этикасы діни-авторитарлық этикаға қарсы тұрады; гуманизм тылсымдық идеясын жоққа шығарады; гуманизм зерде мен ғылыми шынайылыққа арқа сүйейтін зерттеу тәсілін қолдайды; гуманизмнің ғылыми білімге негізделген өзінің редуктивистік емес онтологиясы бар; философ-гуманистердің міндетіне тек теориялық мәселелерді шешу ғана емес, теистік діндердің баламасы ретіндегі гуманизм идеяларын өмірде жүзеге асыру да кіреді» [3, 136 б.]. Аталған бес ереженің үшеуі дінді жоққа шығарумен немесе оның мүмкіндіктеріне сенімсіздік танытумен байланысты екенін байқау қиын емес.

Қазіргі гуманизмнің жаңа түрінің мәнін анықтап, нақтылау қажеттілігі өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі гуманизм мәнін талдаудағы авторлық ұстаным оның үш ұйғарымына негізделген. Біріншісі негізіне қоғамдастықтардың аман қалуы үшін қажетті эволюциялық түрде бекіген қабілеттердің жиынтығын сақтау қажеттілігі алынатын гуманизмді әлеуметтік тұрғыда жасалған қасиет ретінде қарастырады. Екіншісі мұндай сипаттағы гуманизм әлеуетті әрі нақтылы бола алады деп болжайды: ол арнайы сананың туындысы және зерттеу басымдылығы ретінде ғалымды нақты шындыққа қатысы шамалы идеялардың шексіз шеңберінде айналып жүруге мәжбүр етеді, ол мәдениеттің бір бөлігі болса, адам тіршілігі әлеуметтік тұрғыда мұраға қалатын қайта өндіру бағдарламаларына енсе ғана шындыққа айналады. Үшіншісінде қазіргі гуманизм өзінің әуелгі мақсатына, яғни әлеуметтілікті адам өмірінің құндылығы қағидасын қорғау арқылы нығайтуға қайта оралады. Бұл мәнде ол адамдар қоғамдастықтарының аман қалу шарты ретінде көрінеді. Бұл жолда әлеуметтік гуманизм еуропалық санаға тән асқан жекешілдікті (индивидуализмді) еңсереді.

Біздіңше, гуманистік пайымдаулардың атомы, бастапқы нүктесі - өмір сүрудің басты қасиеті ретіндегі гуманизмге тән оқшауланған тұлға, жалпы адам емес, қолы жететін әлеуметтік ортамен байланыстары бар қауымдастықтың адамы болады. Бұл дәстүрлі қоғамға тән тіршіліктің қауымдық тәсілі емес, адамның біз «қолға үйреткендер» алдындағы өз еркімен мойнына алған міндеттерінің салдары. Олардың ішіндегі ең маңызды нәрсе - адамның әлеуметтік ортаға, әлеуметтік өмірді микрореттеу үдерістеріне, отбасына, руға, айналасындағы достарына, ұжымға, қауымға жауапты болуы. Бұл бұрынғы гуманизм жауапкершіліксіз немесе жауапкершілікті мойындамады дегенді емес, жауапкершіліктің жоғары деңгейге көтерілуін білдіреді. Адамға енді ақиқат пен шындықты өзімен байланысты және өзіне тәуелді қолжетімді әлеуметтік ортасыз тек өзінен ғана іздеу (монах немесе диуана болмаса) қиын болады. Егер өркениет ол үшін заңнан имену сияқты тәсілді қолдануға мәжбүр болса, онда гуманизм саналы түрдегі жауапкершілік арқылы басқаруды мүмкін етеді.

Қазіргі гуманизмнің келесі қажетті белгісі адамның құндылық қағидасын барша тіршілік иесінің құндылығын қорғауға тарату немесе А. Швейцер жазғандай, өмірді қастерлеу қағидасын ұстану. Ренессанстық гуманизм «адам – табиғаттың тәжі» деген қағиданы негізге алған және ол әлем адамға билеу үшін берілген деген христиандық діни қағидамен қосылып, экологиялық дағдарыстың рухани негізін құрады. Кейде гуманистерге барша жанды нәрсені қорғауды ұмытып, тек жекешілдікпен адамға ғана көңіл бөледі деген айып дұрыс тағылады. Табиғат өзінің тұтастығы мен жүйелігін ескермейтін адамнан өшін алуда. Осыған байланысты шығыстық діни-философиялық жүйелердегі гуманизм элементтеріне назар аудару қажет сияқты. Айталық, мысалы конфуцийшілдікте адамның көк пен жердің арасындағы орталықтағы орны туралы айтылады және ол сол екеуінің арасында делдалдық қызмет атқаруы тиіс. Адамның өзін-өзі жетілдіруіне көп көңіл бөлінеді, ал бұл үдерістің мақсатына сай адам әлемдік тәртіп ұйғаратын өзінің лайықты орнын алу тиіс, яғни адамның жетілуі табиғи және әлеуметтік тәртіпті сақтау үшін қажет.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мен биологияның арасындағы кедергілердің алынып тасталуына байланысты жаңа мүмкіндіктер ашылуда, айталық, А. Швейцердің идеяларына негізделген витоцентризм қалыптасты. Жанды нәрселер сыртқы әлемді құрастыратын және голограмма тәрізді оның барлық бөліктерін бейнелейтін адами тұрғыдан түсініледі.

Кейбір зерттеушілер, мысалы, А.В. Олескин *гуманистика* терминін барша жанды жәндіктердің туыскандығы идеясын негізге алып, тіршілікті танудағы зерттеудің тұрғысы ретінде пайдалануды ұсынады. «Қазіргі гуманизм экоорталықтық ноосфералық гуманизм ретінде қағидатты жаңа мазмұнға ие болады және жаһанданған әлемдегі оның ең маңызды аспектісі адамды ұлықтау емес, адамға қатысты ғана емес, табиғатқа да қатысты адамгершілік, гуманизм болуы тиіс. Адам қызметінің шынайылық өлшемі ретіндегі өмірдің өзі көрсеткендей, қазіргі жаһандық жағдайда дәстүрлі емес, яғни ноосфералық гуманизм – адам мен барша адамзатты табиғи және ғарыштық тұтастықтың үйлесімді бөлігі ретінде қарастырғанда ғана мүмкін болмақ. Адамдар арасындағы байланыстың бір түрі ретіндегі гуманизм бір мезетте адам мен табиғаттың арасындағы байланысқа айналғанда ғана өзінің аяқталған түріне енеді» [4, 175 б.]. Шынайы гуманист жалпы табиғатты қорғаудың абстрактілі құндылықтарын емес (мұнымен бәрі келіседі), өзінің ең жақын табиғи ортасын нысан етіп алуы тиіс.

Сонымен, біздіңше, гуманистік зерттеудің нысаны - әлеуметтік-табиғи байланыстарымен тұтас алынатын адам. Зерттеудің жіктелген нысандарына бірегей тұлға ретіндегі адам, адам және оның әлеуметтік байланыстары, адам және оны қоршаған табиғи орта жатады. Біздіңше, мұндай тұрғыдан зерттеу басымдықтарын өзгертеді, психологизацияны еңсеріп, мәдениеттанулық тұрғыны пайдалануға жағдай жасайды, яғни гуманизм мәдениеттің белгілі бір түрі ретінде қарастырылуы мүмкін. Өйткені әсерлі қуатқа таза ілім емес, сол ілім қалыптастыратын мәдениет ие болады. Теориялық тұжырымдама идеология мен дүниетаным деңгейіне өтуі тиіс. Мысалы «Коммунистік партияның манифесті» осыны ескеріп жазылған және кеңестік кезеңде оған бүкіл насихат және үгіт жүйесі қызмет еткен. Егер гуманизм теория деңгейінде мамандардың үлесінде ғана қалатын болса, онда ол бұқаралық емес, тар шеңбердегі элитаның қозғалысы ғана болады. Ал теорияның әсерлігіне ақырғы диагнозды оның күнделікті өмірде адамдардың белгілі бір тобының субмәдениеті ретінде нығаюына қарап қоюға болады.

Американдық әлеуметтанушы П. Смелзердің пікірінше, адамдардың өмірінде мәдениет жануарлар өміріндегі бағдарламалық мінез-құлық сияқты қызмет атқарады. Мәдениет психика

тереңінде жатқан мінез-құлықтың архетиптерін, құндылық бағдарларын, өмірлік идеалдарды, бұқаралық психологияны, бүкіл адами қызметті, оның мақсаттарын, құралдары мен нәтижелерін қалыптастырады. Мәдениеттің мұрагері ретіндегі адам ұлттық мұраны, табиғатпен қарым-қатынас жасау тәжірибесін игереді. Ұйымдастыру бұзылған кезде жанжал, қарама-қайшылық туындайды және қоғам мәдениетінде қалыптасқан байланыстар үзіледі. Бұл мәдениетті өзгертуге, қайта өндіру бағдарламасын жетілдіруге түрткі болады.

Гуманизмді мәдениеттанулық ұстаным тұрғысынан зерттеу тәсілі кеңінен таралған. Тарихи құбылыс ретінде гуманистік мәдениет бүгінде де аяқталмаған дамудың күрделі жолымен жүріп өткен. Дамудың барлық кезеңдерінде гуманистік мәдениеттің шынайы қарсыластары да, уақытша одақтастары да болған және оның күресі бүгінде біз гуманизм деп атап жүрген нәрсенің шыңдалып, дүниеге келуіне себеп болған. Осыдан гуманизмнің алуан түрлері пайда болған, олар: діни, атистік, секулярлық, зайырлы, этикалық, социалистік, ғылыми, пролетарлық, буржуазиялық, актуалистік, антропоцентристік, романтикалық, планетарлық, динамикалық, әдеби, ренессанстық, философиялық, классикалық, классикалық емес, христиандық, сыни, профандық, рационалдық, интефальдық, діни-эйкумениялық, саяси, тіпті, әскери түрлері. Осыған байланысты К. Леви-Стросс өзіндік көзқарасы мен, сәйкесінше, өзіндік типологиясын ұсынған.

Белгілі антропологтың пікірінше, этнология біз гуманизм деп атайтын нәрсенің ең көне әрі жалпы түрі болып табылады. Қайта өрлеу дәуірінің классикалық гуманизмі грек-римдік антикалықтың жаңадан ашылуына жетелеп, өз мәдениет уақыт өлшеміне келтіріп, өз ұғымдарын бөгде заманалар мен халықтардың ұғымдарымен салыстыруға мүмкіндік берді. XVIII – XIX ғ. басындағы бейклассикалық гуманизм Үндістан мен Қытайдың жаңа аймақтарына тарады.

К. Леви-Стросстың пікірінше, этнология гуманизмнің дамуындағы үшінші кезеңге жатады, өйткені оның зерттеу өрісі адам мекендейтін барлық жерді қамтиды, ал оның әдіснамасы гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының процедураларын бойына жинаған, нәтижесінде эмбебап гуманизм пайда болады [5, 234-237 бб.].

В.А. Кувакиннің ойын қостай отырып, бір ғана гуманизм, адамның тектік қасиетінің көрінісі ретінде гуманизацияның бірыңғай бағыты ғана бар деуге болады. Бірақ алуан түрлі нақтылаудың болуының да маңызы бар және оны елемеуге болмайды, өйткені ол мәннің көріністерін нақты деңгейде немесе гуманистік мәдениеттің дамуындағы нақты аспектіні белгілейді. Олардың өзара әрекеті ақиқатты шыңдай түседі, ал одақтар өмірлік мәселелерді шешуге септеседі. Дүниетанымдық бағдарлардың түріне сай гуманистік мәдениеттің дамуындағы маңызды кезеңдерді даралау дұрыс болады. Біріншіден, синкреттік кезеңде мифологиялық сана үстемдік құрады және гуманизм бірлесіп тіршілік етудің тәсілі (шарты) ретінде өмір сүреді. Бұл витальдық қажеттіліктер үстемдік құрған қатыгез заманда адам қоршаған ортадан бірлесудің арқасында ғана емес, гуманизацияның да, мысалы тәжірибені жеткізетін қарттар мен болашақтың алғышарттары ретінде балаларды сақтау қабілетінің арқасында да ерекшелене білді. Әуелде руластарды ғана қамтитын рахымдылық бірте-бірте бөтендерге де көрсетілетін болды. Бұл аспектілерді Э. Фромм өзінің «Адамдық деструктивтіліктің анатомиясы» [6] деп аталатын еңбегінде жақсы ашады. Екіншіден, адамгершіліктің о дүниелік немесе қоғамдық өлшемдерін қабылдаса да, ілім және мәдениет ретіндегі гуманизмнің қалыптасуына зор үлес қосқан тео- мен социоцентризм үстемдік құрған кезең болды. Бұл кезеңде гуманистік мәдениет жеке түр ретінде әлі ерекшеленбеген және күнделікті гуманизм ретінде көрініс тапқан. Гуманизмнің бастаулары мен мәніне қатысты алғашқы теориялық түсініктер пайда бола бастайды. Үшіншіден, бағдарлаудың аралас (өтпелі) түрлері: теоцентристік, қайта өрлеу-гуманистік, социоцентристік түрлер пайда болады, олардың өзара әрекеттесуі гуманистік мәдениетті байытып, оның секуляризациясына алып келеді.

Гуманизмнің талдауына мәдениеттанулық тұрғыдан келу оның сыншылары жиі айтатын қайшылықты, яғни теория ретіндегі гуманизм мен нақтылы бұқаралық тәжірибенің арасындағы қайшылықты еңсеруге мүмкіндік береді. Бұған қоса, мәдениетті теориялық (тұжырымдамалар, философиялық зерттеулер), практикалық-рухани (сұхбаттар, дұрыс ақыл тұрғысынан пайымдау, құндылықтардың қызметі), практикалық (қарым-қатынас, қызметтің тәсілдері мен іс-әрекеттер) ретінде қарастыруға болады және бұл гуманизм құбылысын тұтас талдауға мүмкіндік береді. Гуманизмді талдаған кезде мәдениеттанулық талдау әдіснамасын да қолдануға болады.

Әлеуметтік мәндегі гуманизмнің де қайшылықтары бар. Ұлы жазушы Ф.М. Достоевский Христос пен Ұлы Инквизитордың арасындағы сұхбатта гуманизм дилеммасын келтірген.

Бұлардың екеуі де адамзатты сүйеді, бірақ Христостың махаббаты адамға қойылатын талап, оған таңдау еркіндігін беру түрінде көрінсе, Ұлы Инквизитор патерналистік, кіші пейілді махаббатты дәріптейді. Христосты адамды сүймейсің деп айыптағанда Ұлы Инквизитор былай дейді: «Оны соншама құрметтегенде, оған жаның ашымайды, өйткені оған тым көп талап қоясың... Оны аздау құрметтесең, одан аз нәрсе талап етесің және бұл махаббатқа жақын болады, өйткені адамның жүгі жеңіл болар еді» [7, 233 б.]. Ол шешім қабылдау жауапкершілігін өзіне алады, бірақ адамды нысан деңгейіне түсіреді, адамдарға ғажап билік жүргізеді, ал адамдар өз еркіндігін құрбан етеді.

Гуманист-психологтардың пікірінше, гуманизм адаммен ғана байланысты емес, ол тұлғаның өсіп, дамуымен, оның қайта өндіруге, ең алдымен, инновациялық қызметке деген қабілетімен тығыз байланысты. Э. Фроммның радикалды гуманизм тұжырымдамасында, мысалы, махаббат пен шығармашыл еңбек жағымды еркіндіктің мазмұнын құрайды және шығармашылық адамдардың тектік сипаты ретінде жануарлардан ерекшелетін басты белгіге айналады. Дзен-буддистер сияқты, Э. Фромм да шығармашылық пәнге міндетті түрде, мысалы, мүсінші еңбегі ғана жатпайды, оған өмірдің өзі жатуы мүмкін деп есептеген. Қарапайым диқан дарынсыз әдебиетшіге қарағанда, әлдеқайда шығармашыл тұлға болуы мүмкін.

Гуманистік түсінікте жақсылық - өмірді орнату, адам бойындағы күштерді ашу. Мұндай түсінікті көрнекті психолог-гуманист К. Роджерс ұстанған. Гуманистік өзгерістің түпкі мақсаты - өзін-өзі жүзеге асырып, дамыта алатын кемел тұлға. «Психотерапияға көзқарас. Адамның қалыптасуы» кітабының (М., 1994) «Шығармашылық теориясы жайында» деп аталатын арнайы тарауында ол былай деп жазады: «Меніңше, шығармашылық белгілі бір мазмұнға тәуелді емес... Біздің анықтауымызша, достарымен бірге жаңа ойынды ойлап табатын баланың да, салыстырмалылық теориясын тұжырымдаған Эйнштейннің де, етке қосатын жаңа тұздықтың түрін ойлап тапқан ұй шаруасындағы әйелдің де, өзінің алғашқы романын жазу үстіндегі жас каламгердің де әрекеттері шығармашылық сипатта болады» [8, 411 б.].

Сонымен, гуманизмнің назарында мәдениетті дамыту тұрғысынан болашағы бар, таңдаудың нақты жағдайында көптеген әлеуметтік байланыс орнататын шығармашылық адамының белгілі бір түрі болады. Оның гуманистік әлеуеті тұлғалық және тұлғалық емес өзара қатынастар үшін септігі тиетін үдерістерде жүзеге асып, мәдениет пен әлеуметтік байланыстарды қайта өңдейді. Мұндай типтің қоғамның дамуына тигізетін әсерінің тарихи ауқымы нақты болады және индустриалдық өркениет соның арқасында қалыптасады.

Қазіргі гуманизмде адамның белгілі бір құқықтары мен еркіндігін қорғау, жеке өмірге деген, жеке өмірдегі құндылықтарға деген, өмірде әр түрлі стильдерді ұстануға, баламалы құндылықтарды қабылдауға деген құқылық арқылы көрінеді. Бұл еркін ойларды, ар-ұят, дүниетанымдағы плюрализмді, саяси және діни плюрализмді білдіреді. Бұл сұрақтардың барлығы қазіргі гуманизмде жалпыдемократиялық принциптер негізінде, халықаралық құқықтар нормаларының сақталуы және жалпы қабылданған. Әлеуметтік әділеттілік міндеттерін, зорлық-зомбылық, аштық пен қайыршылықтан әлеуметтік қорғану құқығына ие болу сияқты принциптер негізіндз қарастырылады. Гуманист-зерттеушілердің қорытындысы бойынша, тұлғаның гуманистік концепциясы – бұл болашақ туралы оптимистік көзқарас.

ӘДЕБИЕТ

1. Ясперс К. Истоки истории и ее цель //Смысл и назначение истории – М.: Политиздат, 1991. – 286 с.
2. Lamont C. Humanism asia philosophy. - N. Y., 1961. - 24; P.
3. Куртц П. Мужество статья: Добродетели(гуманизма // Здрн'ый смысл. Журнал скептиков, оптимистов и гуманистов. Специальный выпуск. – М.: Российское гуманистическое общество, 2000. – 166 с.
4. Совместная деятельность: Методология, теория, практика. - М.: Наука, 1988. - 232 с.
5. Леви-Стросс К. Три вида гуманизма //Структурная антропология / Отв. ред. М. М. Скибицкий. - М., 1980. - С. 234-237.
6. Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. - М.: «Изд-во АСТ-ЛТД», 1998. – 672 с.
7. Достоевский Ф.М. Полн. собр. соч. в 30-ти томах. – Л., 1976. - Т.10.
8. Роджерс К.Р. Взгляд на психотерапию. Становление человека. - М.: Издательская группа «Прогресс», «Универс», 1994. - 480 с.

-
-
- 1 Jaspers K. *Istoki istorii i ee cel'. Smysl i naznachenie istorii*, 1991, 286 (in Russ).
 - 2 Lamont S. *Humanism as a philosophy*, 1961, 243.
 - 3 Kurtc P. *Muzhestvo stat'. Dobrodeteli gumanizma. Zdravyy smysl. Zhurnal skeptikov, optimistov i gumanistov. Special'nyj vypusk*, 2000, 166 (in Russ).
 - 4 Sovmestnaja dejatel'nost'. Metodologija, teorija, praktika, 1988, 232 (in Russ).
 - 5 Levi-Stross K. *Tri vida gumanizma. Strukturnaja antropologija*, 1980, 234-237 (in Russ).
 - 6 Fromm Je. *Anatomija chelovecheskoj destruktivnosti*, 1998, 672 (in Russ).
 - 7 Dostoevskij F.M. *Poln. sobr. soch. v 30-ti tomah, T.10*, 1976 (in Russ).
 - 8 Rodzhers K.R. *Vzglyad na psihoterapiju. Stanovlenie cheloveka*, 1994, 480. (in Russ).

Резюме

Сагикызы А. Методология исследования современного гуманизма

Проблемы развития современного мира, кризис гуманизма исследуются мыслителями-гуманистами с давних пор. В статье анализируются проблемы исследования современного гуманизма как мировоззренческой установки. Рассматриваются проблемно-концептуальные, культурологические, психологические, социоцентрические подходы.

Summary

Sagikyzy A. Research methods of modern humanism

The issues of development of modern world, crisis of humanism have been studying by thinkers for a long time. In given the issues of studying of modern humanism as worldview principle is analyzed. Also, the problematic-conceptual, cultural studies, psychological, socio-central approaches are considered.